Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 7817 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімінің 2024 жылғы 17 қазандағы № 7 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімінің 17.10.2024 № 7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен ейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның кезектен тыс шұғыл отырысының 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 2 хаттамасы негізінде, Аққөл ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Аққөл ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайларды жоюдың басшысы болып Аққөл ауданы әкімінің орынбасары В.В. Елисеев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аққөл ауданы әкімінің орынбасары В.В. Елисеевке жүктелсін.

4. Осы шешімнің әрекеті 2020 жылғы 8 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

5. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аққөл ауданының әкімі *А.Каиржанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК